



Қазақтың журегі

Қазақ халқының домбырасы – қазақпен бірге туған, бірге жасасып келе жатқан ұлттық аспабы. Дүниені дүбірлетіп өткен атақты қүйшілердің көбін көргеніміз жоқ. Бірақ Сүгірді көріп, Төлеген Момбековпен аралас-құралас болдық, заманымыздың дауылпаз қүйшісі Нұрғиса Тілендиевпен бірге жүрдік. Одан бері де қазақ қүйшілерден құралақан қалған жоқ.



Домбыра – қазақтың жаны, мұншысы, сырласы, қимасы. Айнымайтын серігі, жаңылмайтын сөзі, қараңғыны жарып шыққан сәулелі ойы. Қазақ пен домбыра – егіз. Домбырасыз қазақты елестету қын. Онда қазақ жетім болар еді. Халықтың арман-мұраты, болмыс-бітімі, тағдыр-талайы домбырада күмбірлеп тұр. Оған қобызды қоссақ болады. Қайсы бұрын туғанын тап басу айту қын. Қазақпен мәңгі бірге жасасып келе жатқан асылдарымыз. Кешегі кеңес заманы дейтін кезенді бастан кешкен уақытта «домбыра – ескіліктің қалдығы» дейтін сөзді де естідік. Оған біреу сенер, біреу сенбес.

Бұрынғы ақындарымыз домбырасыз өлең айтпаған, домбырасыз ел араламаған. Кенен: «Домбыраны тастамаймын қайда барсам, жаныма жүре алмаймын байламасам» дейтін. Қазақтың санасын сергітіп, шаршағанын басатын бөлінбес бүтініміздің ұлттық мереке күніне арқау болғаны ел болып қуанарлық жағдай. Көктегі асқақтаған рухымыз, жердегі тірегіміз. «Нағыз қазақ – домбыра» деген Қадырдың сөзі, рас. Домбыра – біздің жүргегіміз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан бері қазақтың көкten іздегені жерден табылып, арманына қол жетіп, шын мәнінде рухани жаңғырып жатыр. Елбасына раҳмет! Тәнір жарылқасын!

Соншама ғасыр қазаққа қызмет еткен, өмірлік философиясы болған домбыра қанша рет шеттетіліп жер бауырлап қалды. Мен бұл туралы бірталай жылдан бері айтып та, жазып та жүрмін. Былтыр сексенге толғанымда бір кеш қобызға, бір кеш домбыраға арнап өткіздім. Себебі қазақ жанының айнасы – осы екі қастерлі аспап.

Қаншама ғасыр қазаққа қызмет еткен, астанасы болған Түркістанның бір ауданының орталығы сияқты болып тұрғаны кез келген түркімін дейтін азаматтың қабырғасына бататын-ақ дүние болатын. Енді Түркістан бір облыстың орталығы болды. Ұлттық домбыра құні жарияланды. Елбасының осы екі шешіміне шын жүректен ризамын. Ұлтқа керек дүние осы. Қазір біз бұрынғы домбыра тарту дәстүрінен ажырап қалдық. Бұрын күйді аңызымен айтып тартатын. Қазір сахнаға шығып, сабалай жөнеледі. Сәкен Сейфуллиннің үйіне сыйлас күйші замандасы келіп, күйді бабымен, аңызымен айтып тартқанда, ақын: «Құлыштың бие жетектеткендегі болдың гой» депті. Қазір осындағы сәттер сирек. Күйдің тереңіне бойлап тарту күйшіге ең керек қасиет.

Біз күйшілерді де зерттеуді сиреттік. Менің түсінігімде, Қазанғапқа тенесетін күйші жоқ. Қазақтың айта алмаған, айтамын-ау деп кеткен сөздерін Қазанғап күймен жеткізген. Біз оған әлі бойлай қойған жоқпыз. Күйдің, домбыраның төнірегінде айылатын әңгіме әлі көп.

Күй халықтың – көңіл толқыны. Әрбір жеке тұлғаның, азаматтың аңсары, махаббаты, шері мен шемені. Бір халықтың тау қопарар алапат күші мен айбары! Ықылым заманның қамырықты сазы, осы заманның қуанышты сөзі. Бұл асыл өнер бүгін ғана төрге озған жоқ. Бұрыннан төрімізде еді. Енді төбемізге көтеріп отырмыз. Төбемізге құт, төрімізге ырыс болғай!

Атасының мұрасын тастамай жүрген жастар аман болсын. Ұрпақтың игілігі үшін бастау алған игі іс баянды болсын!